

Ұйымның қысқа мерзімді міндеттемелер есебінің аудиті

Орындаған: Қабланбаева Айнұр

Есеп және аудит 1201

Тексерген: Жумабаева М.Д.

Жоспар:

- КІРІСПЕ
 1. Аудиторлық тексерудің міндеті мен мақсаты
- 2. Ұйымның қысқа мерзімді міндеттемелер есебінің аудиті
- 3. Кредиторлық берешектердің аудиті
- 4. Еңбекақы төлеу бойынша есеп айырысудың аудиті
- 5. Жабдықтаушылар мен қызмет көрсетушілермен есеп айырысу аудиті және аудит бағдарламасы
- 6. Салықтық міндеттемелерді аудиторлық тексеру ерекшеліктері
- ҚОРЫТЫНДЫ


Міндеттеме (liabilities) - бұл анықталған іс бойынша орындаудың міндеттері немесе қарызы. Міндеттеме алдыңғы мерзімде пайда болған субъектілердің берешектері. Оны өтеу кезінде экономикалық табыстарды алып келетін ресурстардың мекемеден кетуге алып келеді.





2. Ұйымның қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер есебінің аудиті.

Қысқа мерзімді міндеттемелердің түрі қысқа мерзімді банк несиелері бір жылға дейінгі мерзімге беріледі. Яғни, есепті жылдың соңына дейін берілетін несиелер жатады, мәселен артылып жөнелтілген өнімдер мен тауарлар үшін, ол нақты құжат айналым уақытына тең болғандықтан, 30 күннен аспауға тиісті. Шаруашылықтың қысқа мерзімге банктен несие алуға ғана емес, сондай-ақ банктен тыс мекемелерден осындай мерзімге займдар алуына да құқық берілген.



Алынған қысқа мерзімді несиелердің, займдардың ұйымның есепті кезеңге жасаған балансында дұрыс көрсетілгендігіне аудит жүргізгенде, аудитор алдымен мынадай мәселелерді анықтап алуға тиісті:

- несие қандай мақсатқа жұмсалған және бұл мақсаттардың несие алу шартының талаптарына сәйкестігін;
- несиені қамтамасыз етуге немесе кепілдік құрамына енген ұйымның активтерін;
- несиенің толық және дер кезінде сөндірілгендігін (банк көшірмесі бойынша);
- жасалған шартқа сәйкес несиеге қойылған пайыздардың дұрыс төленгендігін;
- несие қойылған пайыздың өнімінің (жұмыс, қызмет) өзіндік құнына дұрыс ендірілу ережелерінің сақталғандығын;
- басқа мекемелерден, ұйымдардан алынған займның заңдылығын және негізділігін, олардың уақытылы толық және дер кезінде сөндірілгендігін;
- 3000 "Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер" аралық шот бөлімшесінің шоттары бойынша журнал-ордер № 4 және бухгалтерлік баланстағы жазулармен синтетикалық және аналитикалық есептегі жазуларына сәйкес дұрыс жүргізілгендігін.

3. Кредиторлық берешектердің аудиті

Аудитор ағымдағы міндеттемелердің негізгі бөлігіне құрайтын кредиторлық қарызды тексеруге үлкен көңіл бөлу керек. Аудитор ағымдағы қаржылық міндеттеменің негізін құрайтын, әрі жиі кездесетін кредиторлық борыштар операцияларын мұқият тексеруге тиісті. Кредиторлық берешек - ұйымның басқа заңды немесе жеке тұлғаларға міндеттемелері (берешегі).

Кредиторлық борыштарға аудиторлық тексеру жүргізгенде аудитордың басты міндеттері:

1. төлем тәртібін сақтау ережелерін, есеп айырысу кезінде қолданылған бағаның (тарифтың) негізділігін, есеп айырысу қаржыларының сақталуын тексеру;
2. шаруашылықтың балансында көрсетілген несиелік борыш сомасының нақтылығын, заңдылығын және негізділігін тексеру;
3. есеп айырысуларды ретке келтіру, несиелік борышты төмендету бойынша ұсыныстар жасау.



4. Еңбекақы төлеу бойынша есеп айырысудың аудиті

Еңбекке ақы төлеу кәсіпорынның өз қызметкерлеріне борышы болып табылады. Және жылдың басындағы, аяғындағы баланста көрініс табатын кредиторлық қарыздардың маңызды баптары деп саналады.

Қызметкерлермен еңбекақы бойынша есеп айырысудың аудиторлық тексеруінің негізгі мақсаты - еңбекақы есебін жүргізудегі құқықтық-нормативтік актілердің әрекеттілігін тексеру, бухгалтерлік есеп жағдайы мен оны ұйымдастыру, және еңбекке ақы төлеу бойынша жүргізіліп жатқан есеп айырысудың дұрыстығын тексеру.



Аудитордың мақсаттары:


1. Еңбек ақының дұрыстығын тексергенде, аудитор келесілерді тексеруі керек:
-Өндірілген өнім, орындалған жұмыс және қызмет көлеміне, жұмыс уақытының есебі бойынша алғашқы құжаттардың заңға сәйкестігі және саны.
-Бухгалтерлік баланыстағы және Бас Кітаптағы жазбалары мен шот 3350 бойынша аналитикалық есеп көрсеткіштерінің бір күндегі екі жақтың мәліметтерінің сай келуі.


2. Еңбек ақы қорының пайдаланылуын тексерген кезде аудитор тексеруі керек келесілерді:

- Кәсіпорын жұмысшыларына штаттық кестеде бекітілген қызметтік айлығының қадағалануын тексеру;
- Инфляция жағдайында бағалардың өсуін есепке ала отырып олардың индексациясының уақтылы жүргізілуін тексеру;
- Құрылтайшылардың, акционерлер жиналысы немесе басқару кеңесі штаттық кестені бекіткендігін тексеру;
- Орындалған жұмыстар үшін есептеулер жүргізілдіме, жұмысшылардың кесімді наряды бойынша еңбек ақы дұрыс жүргізілудеме;
- Кәсіпорын жұмысшыларына сыйақылардың дұрыс берілуін тексеру.

Қызметкерлермен еңбекақы бойынша есеп айырысуларды аудиторлық тексерудің бағдарламасы

№	Процедуралар	Ақпарат көздері.
1.	Барлық негіздер бойынша қызметкерлерге төлемдерді есептеу мен толтырудың дұрыстығын бақылау.	Есептеу-төлем тізімдемелері, нарядтар, жұмыс уақытын есепке алу табелі, штат кестесі.
2.	Еңбекақыдан ұсталынатын салықтардың зейнетақы қорына төленетін жарналардың дұрыс есептелуін тексеру.	Есептеу-төлем тізімдемелері, материалдық көмек беру туралы бұйрықтар.
3.	Қызметкерлердің еңбекақысын төлеу реестрлеріндегі мағлұматтарды тексеріп және оны Бас кітап шоттарымен салыстырып тексеру.	Тізімдемелер, журнал-ордерлер, машинограммалар, Бас кітап.
4.	Қызметкерлердің еңбекақысын есепке алу бойынша шоттар корреспонденцияларының дұрыстығын тексеру.	Тізімдемелер, журнал-ордерлер, машинограммалар.





Тексеру жұмыстарын аяқтай отырып, аудитор мына төмендегілерді анықтауға тиіс:

- Бекітілген мерзімде алынбаған жалақы депоненттік сомаға өз уақытында жатқызылуын;
- Депоненттік сомалардың төленуін және алынбаған депоненттік қарыз кірісі құрамына жіберілгенін;
- Қосымша жұмыс бойынша төлемдердің дұрыс жүзеге асырылуын;
- Қазіргі заңмен қарастырылған жұмыспен өтелмеген уақытқа еңбек демалысы, демалыс жәрдемақысы, төлемдерді жүзеге асырудың дұрыстығын, уақытша еңбекке жарамсызға жәрдемақының есептелуін;
- Еңбекақы қорына шығындарды жатқызудың дұрыстығын;
- Жеке төлемдерді өнімнің өзіндік құнына дұрыс жатқызылуын;
- Еңбекақы бойынша құрылған шоттар корреспонденциясының дұрыстығын;
- Синтетикалық және аналитикалық есептердің құрама деректердің дұрыс жүргізілуін, қаржы есеп формаларының дұрыс толтырылуын анықтауы тиіс.




5. Жабдықтаушылар мен қызмет көрсетушілермен есеп айырысу аудиті және аудит бағдарламасы

Жабдықтаушылар мен мердігерлерге ТМҚ жеткізіп берушілер және әр түрлі қызмет көрсететін кәсіпорындар жатады. Ондай кәсіпорындармен көбінесе банк арқылы төлем жүргізіледі, төлем келісім түрде анықталады. Есептесудің бірнеше формалары бар: акцепті, аккредитивті, чек арқылы, тапсырылған төлем ретінде, весель т.с.с.

Жабдықтаушылар мен мердігерлермен есептесуі туралы мәліметтің көрсетілуі 3310 «Мердігерлер мен жеткізуші алдындағы қысқа мерзімді қарыз» шоты арналған, сол шоттың кредиті бойынша сатып алынған ТМҚ, сыртқы айналымды активтері: 1310, 1330, 1350, 2410, 2730. Корреспонденцияланған шоттармен байланысты.

Жабдықтаушылармен және мердігерлермен есеп айырысу аудитінің бағдарламасы

Аудит процедуралары	Ақпарат көздері
1. Тауарлық-материалдық қорларды алуға арналған құжаттарды ресімдеудің дұрыстығы мен бар екендігін тексеру	Шарттар, шот-фактуралар, төлем тапсырмалары, кірістік құжаттар мен т.с.с.
2. Тауарлық-материалдық қорлардың саны мен сапасы жөніндегі тілек-талаптарды рәсімдеудің дұрыстығын, негізділігін және уақытылығын тексеру	Тиісті құжаттарды (коммерциялық акт, теміржол станциясы түбіртектері, салыстыру тізімдемесі және т.б.) жабдықтаушыға, темір жолға немесе кеме шаруашылығына талап-қуанымдар, 8 журнал-ордер, Бас кітап және т.б.
3. Алынған құндылықтарды кіріске алудың немесе орындалған жұмыс пен көрсетілген қызмет есебінің толықтығы мен уақытылығын тексеру	Қабылдау актілері, жүкқжаттар, шот-фактуралар, кірістік ордерлер, койма есебі карточкалары, материалдар есебі тізімдемесі, 6 журнал-ордер, Бас кітапты, баланс және т.б.
4. Жабдықтаушылар мен мердігерлерге берешектің анық сенімділігін, шынайылығын және заңдылығын тексеру	Шарттар (сатып алу, бірлескен іс-қызмет туралы, опциондық, фьючерлік мәмілелер, ынтымақтастық, траст және т.б.) жобалық-сметалық құжаттама, орындалған жұмыс актілері, шот-фактуралар, төлем тапсырмалары, 6 журнал-ордер, Бас кітап, баланс және т.б.
5. Векселдерді пайдаланып, жабдықтаушылармен ККС алып тастап, жабдықтаушылармен және мердігерлермен есеп айырысудың дұрыстығын тексеру	Вексель, кірістік төлем құжаттары, 5, 6 журнал-ордерлер, салықтық шот-фактуралар, ҚҚС-ға салық жөніндегі декларация, Бас кітiп және т.б.
6. Шот корреспонденцияларын құрудың дұрыстығын тексеру, ана-литикалық есеп мәлімет-терінің синтетикалық есеп мәліметтеріне сәйкестігі	Шот-фактуралар, төлем тапсырмалары, 6 журнал-ордер, Бас кітап, баланс, әдістемелік ұсынымдар



6. Салықтық міндеттемелерді аудиторлық тексеру ерекшеліктері

Төлеу циклында негізгі операциялар салықтыр, алымдар, баждар және басқа да міндетті төлемдер бойынша бюджетпен есеп айырысу бойынша жүзеге асырылады. Тексеруді 3110 «Төленуге тиісті корпорациялық табыс салығы», 3120 «Жеке табыс салығы», 3130 «Қосылған құн салығы» шоттары бойынша жүргізеді. ҚР-да салықтың түрлері жеткілікті көп, олардың әр қайсысы өзінің есепке алу және ұсталу тәртібіне байланысты тексерудің әр түрлі ерекшеліктеріне ие. Оларға: құнды қағаздармен операциялардың салықтары, жер қойнауын пайдаланушылардың арнайы салықтары және төлемдері, жоғары пайданың салығы, мүлік салығы, жер салығы, көлік құралдарының салығы, табыс салығы, және де бюджеттен тыс төлемдердің аудиті жатады.



Кәсіпорындарда салықтық тексеру жүргізудің негізгі кезеңдері мен бағыттары.

№	Кезеңдер	Салықтық талдаудың негізгі бағыттары мен олардың мазмұны
1	Абсолюттік салықтық нүктемені талдау	<p>1.1 Зерттеліп отырған кезеңдегі кәсіпорынның төлеген салықтарын талдау</p> <p>1.2 Салықтық төлемдердің динамикасымен құрылымын факторлық талдау.</p>
2	Салыстырмалы салықтық жүктемені талдау.	<p>2.1 Жалпы салықтық жүктеменің құрылымын талдау</p> <p>2.2 Салықтық жүктеменің жалпы коэффициенттерін, талдау.</p> <p>2.3 Экономиканың жекелеген салаларының ерекшеліктеріне байланысты коэффициенттерді талдау.</p>
3	Салықтар бойынша кәсіпорын борыштарын талдау	<p>3.1 Салықтар бойынша кәсіпорын қарыздарының құрылымын талдау.</p> <p>3.2 Салықтар бойынша кәсіпорын қарыздарының динамикасын талдау.</p> <p>3.3 Төленетін салық сомасы мен салық бойынша қарыздардың ара қатынасын талдау.</p>

ҚОРЫТЫНДЫ:

- Кәсіпорын қаржылық – шаруашылық қызметті жүргізу кезінде қысқа мерзімді міндеттемелері пайда болады. Себебі, бюджетпен, банктік ұйымдармен есеп айырысу, жабдықтаушылар мен мердігерлермен есеп айырысу, жұмысшылар мен қызыметкерлерге еңбекақы төлеу сияқты міндеттемелері туындайды.
- Қысқа мерзімді міндеттемелерге 12 айдың ішінде өтелуі тиіс кредиторлық берешектер жатады.
- Ағымдағы міндеттемелерді ашып көрсеткен кезде, кредиторлардың талабы бойынша төленуге тиісті міндеттемелер мен есепті күннен кейінгі бір жылдың ішінде өтелуге тиісті қысқа мерзімді міндеттемелердің бөлігін қоса алғанда, мынадай баптар ашылуы тиіс: қысқа мерзімді несиелер; салықтар бойынша берешек; төлеуге арналған дивиденттер; жұмысшылар мен қызыметкерлерге еңбекақы төлеу; жабдықтаушылармен және мердігерлермен есеп айырысу.

Назарларыңызға
Рахмет!!!